

Хаттама №1

02.09.2025 жылы күні Қызылорда облысының білім басқармасынан Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны кезекті №1 педагогикалық кеңесін өткізді.

Педагогикалық кеңес төрайымы Ережепова Гульнур Шалкарбековна

Хатшы: Богулова Айзада Мендиалдиевна

Қатысуға тиіс-24 педагог

Қатысқаны-24 педагог

Күн тақырыбы: Жаңа оқу жылының жылдық жоспарын талқылау,бекіту

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру.

1. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру ,талқылау,бекіту /Г.Ш.Ережепова /.
2. Перспективалық жоспарларды ,инфограммаларды талқылау,бекіту /Ж.Е.Альменова/.
3. Үлгілік оқу жоспарын бекіту /Ж.Е.Альменова/.
4. Кадрларды топ бойынша бекіту /Г.Ш.Ережепова/.
5. Ағымдағы сұрақтар.
6. №1 педагогикалық кеңес шешімі.

Тыңдалды:Күн тақырыбы бойынша бөбекжай-балабақшасы менгеруші – Ережепова Гульнур сөз алды:

-2025-2026 оқу жылының мақсаты:

Балалардың қызығушылықтарын,ерекшеліктерін,қажеттіліктерін ескере отырып,жалпы адамни және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыта отырып, жауапкершілік пен патриотизм ,ларасаттылық пен адалдық ,ар-ұждан,рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген ,үйлесімі дамыған тұлға қалыптастыру.

Жылдық жоспардың мазмұны:

- 1.Салдауатты өмір салтын ұйымдастыру.
- 2.Кадрлармен жұмыс.Кәсіби іскерлік, теориялық және әдістемелік біліктілік деңгейін көтеру.
- 3.Білім беру процесін ұйымдастыру.
- 4.Әлеуметтік жұмыс.
- 5.Бақылау мен басшылық.

Күн тақырыбының екінші мәселесі бойынша сөз кезегі бөбекжай -балабақша әдіскері - Альменова Жанатқа берілді:

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқығудың стандартына өзгеріс енді.Бұл жерде қандай өзгеріс бар: яғни,айлық тақырып алынып тасталды, білім беру саласы дағдыға , ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері,ұйымдастырылған іс-әрекетке өзгерді.Сонымен қатар 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің,лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатта енген өзгерістер : дене шынықтыру -дене тәрбиесі,сөйлеуді дамыту -тіл дамыту,коршаған ортамен таныстыру- коршаған әлеммен таныстыру болып өзгеріс енді. Ұйымдастырылған іс -әрекетке бұрынғыдай сабақ кестесін құрмаймыз.Сол сияқты 9 сағаттық жұмыс күніне көшуімізге байланысты күн тәртібіне де өзгерістер енгендігін түсіндіре отырып осы стандарт негізінде әр топ бойынша перспективалық жоспар жасалынғанын атап көрсетті. 2025-2026 оқу жылында балабақша бойынша «Балпан», «Балбөбек» екі кіші тобына, «Балдаурен», «Балауса» ортаңғы топтарына, «Ақкөгершін», «Қарлығаш» ересек тобына перспективалық жоспары дайындалды. 2025-2026 оқу жылында стандартқа өзгеріс енген жоқ сол күйінде қалдырылды.Әр дағды осы оқу жылынан бастап тиістертеннен кешке дейінгі уақыт аралығында жүргізілетін болады. Яғни,іс -әрекеттер ойын түрінде жүргізіледі. Топ тәрбиешілері өздерінің жас ерекшелігіне сай жасалынған перспективалық жоспарларымен таныстырып шықты.

Сонымен қатар балабақша әдіскері топтардың үлгілік оқу жоспарымен де таныстырып өтті.

Үлгілік оқу жоспары:

- | | |
|---|------------|
| 1.Дене тәрбиесі (аптасына үш рет) | -күн сайын |
| 2.Тіл дамыту және көркем әдебиет | -күн сайын |
| 3.Қазақ тілі (аптасына 1 рет) ортаңғы,ересек топтарда | -күн сайын |
| 4.Сенсорика ,математика | -күн сайын |

Хаттама №2

05.09.2025 жылы күні Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай- балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны кезекті №2 педагогикалық кеңесін өткізді.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Ережепова Гульнур Шапкарбековна
Хатшы: Ботгулова Айзада Мендишылдасовна
Қатысуға тиіс-24 педагог
Қатысқаны-24 педагог

Күн тақырыбы:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру жоспары (Қазақстан Республикасының Оқу- ағарту министрінің №194 бұйрығы 30.07.2024 ж) /Г.Ш.Ережепова /.
2. «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» құру. Жетекшілерін жоспарын бекіту.

Тыңдалды: Күн тақырыбы бойынша бөбекжай-балабақшасы меңгеруші – Ережепова Гульнур сөз алды:

-Қазақстан Республикасының Оқу- ағарту министрінің 30.07.2024 жылы күнгі №194 бұйрығын негізге ала отырып 2025-2026 оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру жоспары жасалынды.

Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының идеясы: «Әділетті Қазақстан- Адал азамат-Онык ойлы ұлт» ұштаған ұғымы.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- рухани адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қытай – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Құндылықтарды қалыптастырудағы күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

Күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»; «Оңетелі 15 минут»; «Үнемді тұтыну»; «Күй күмбірі»

Апта сайын:

«Менің Қазақстаным»; Аптаның дәйексөздері; «Қауіпсіздік сабағы»

Адың алу шаралары:

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам; Буллингтен қорған! Ойыңа салауатты қолқарас; Өмірге салауатты қадам; Қоғамдық мүлікті қорға! Қауіпсіз қоғам.

Күн тақырыбының екінші мәселесіне тоқталған балабақша меңгерушісі -Ережепова

Гульнур:

-Балабақшаішілік «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» 2024-2025 оқу жылында құрылғандығын хабарлады. «Әкелер мектебінің» жетекшісі -Сапарова Жаналыс, «Әжелер

28.11.2025 жылы күні Қызылорда облысының білім басқармасының Қаталы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай- балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны кезекті №3 Педагогикалық кеңесін өткізді.

Хаттама №3

Педагогикалық кеңес төрайымы: Ережепова Гүлнур Шалқарбековна
Хатшы: Бозгулова Айгүл Мейленовна
Қатысуға тиіс-24 педагог
Қатысқаны-24 педагог

Күн тақырыбы:

Ересек топ балаларының жас ерекшеліктерін ескере отырып танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту, қаржылық сауаттылықтарын қалыптастыру.

Мақсаты: Ересек топ балаларының жас ерекшеліктерін ескере отырып танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыта отырып қаржылық сауаттылықтарын қалыптастыру.

1. Баяндама: «Ересек топ балаларының жас ерекшеліктерін ескере отырып танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыта отырып қаржылық сауаттылықтарын қалыптастыру» / Г. Айтмағамбет /

2. Математикадан ашық ұйымдастырылған іс-әрекет (қаржылық сауаттылық) / Д. Бекенкулова /

3. Ересек топ балаларымен математикадан ұйымдастырылған танымдық және зияткерлік ойындар / Г. Айтмағамбет /

4. Сурет салудан ұйымдастырылған іс-әрекет / Г. Қаратаева /

5. Жансырудан ұйымдастырылған іс-әрекет / Ү. Альжанова /

6. Құрастырудан ұйымдастырылған іс-әрекет / К. Жубаева /

7. Мүсіндеуден ұйымдастырылған іс-әрекет / Ж. Мырзалы /

8. Музыкадан ұйымдастырылған іс-әрекет / Р. Бержанова /

9. Ересек топ балаларының жас ерекшеліктерін ескере отырып танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыта отырып қаржылық сауаттылықтарын қалыптастыру мақсатында қолданылатын көрнекі құралдар.

10. Ағымдағы мәселелер / Г. Ережепова /

11. №3 педагогикалық кеңес шешімі / Г. Ережепова /

Тыңдалды: Күн тақырыбы бойынша «Ақкөгершін» ересек тобының тәрбиешісі –

Айтмағамбет Гүлсара сөз ады:

-Ересек тобы балаларының жас ерекшеліктерін ескере отырып танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыта отырып қаржылық сауаттылықтарын қалыптастыру күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мақсаты: математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары:

мектеп жасына дейінгі шақта даму өте қарқынды, жедел өтеді, жеке қалыптасу, балалардың іс-әрекеті кеңейеді. Бұл шақта танымдық даму қарқынды дамумен ерекшеленеді. Ана тілін меңгеруі, түстерді қабылдауы қалыптасады, көлем, форма, кеңістікті бағдарлау, уақытты бағдарлау, зейін, ес, қиял түрлері, ойлау операциялары: топтау, жинақтау, салыстыруы қалыптасады.

ҮІӨ: Математика

Тақырыбы: Теңге

Мақсаты: Балаларды санауға, салыстыруға, есеп арқылы ойлау дағдысын дамыту. Ақшаны дұрыс жұмсау, таңдау жасау және үнемдеу туралы бастапқы түсінік қалыптастыру, қаржылық сауаттылыққа үйрету.

Тәжірибе жасалды: Екі ыдыста су бар, бірі лай су, екіншісі таза су. Лай су түбінде не жатқанын білу үшін таза су тұрған ыдысты лай су құйылған ыдысқа батыру. Лай су түбінен ақша көрінді. Осылайша бүгінгі күн тақырыбын ашып алдым.

Қолданылған ойындар: ойыншықтар, қасса, банкомат макеттері, ойыншық ақшалар.

Күтілген нәтиже: Балалар аралығындағы 1-5 сандарды қолдана білді.

Ақшаны санау, салыстыру және таңдау дағдылары қалыптасты.

Хаттама №4

27.02.2026 жылы күні Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай- балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қатыналық кәсіпорны кезекті №4 педагогикалық кеңесін өткізді.

Педагогикалық кеңес төрайымы:Ережелова Гульнур Шалкарбековна

Хатшы: Болгулова Айзада Мендишоласовна

Қатысуға тиіс-23 педагог

Қатысқаны-22 педагог

Күн тақырыбы:

Ортаңғы топ балаларының әлеуметтік- эмоционалды дағдыларын қалыптастыра отырып, физикалық қасиеттерін дамыту.

Мақсаты:Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып,әлеуметтік- эмоционалды дағдыларын қалыптастыра отырып,физикалық қасиеттерін дамыту.

1.Баяндама: «Ортаңғы топ балаларының әлеуметтік- эмоционалды дағдыларын қалыптастыра отырып, физикалық қасиеттерін дамыту» /А.Болгулова /

2.Қоршаған әлеммен таныстырудан ашық ұйымдастырылған іс- әрекет /А.Болгулова/

3. Қоршаған әлеммен таныстырудан ашық ұйымдастырылған танымдық және зияткерлік ойындар /Ж.Сапарова/

4.Дене шынықтырудан ұйымдастырылған іс- әрекет /Б.Түлегенов /

5. Қоршаған әлеммен таныстырудан ашық ұйымдастырылған іс- әрекет /Г.Елешева/

6. Математикадан ашық ұйымдастырылған іс- әрекет /М.Кумекбасва/

7. Математикадан ашық ұйымдастырылған іс- әрекет /Ж.Сундетова/

8. Математикадан ашық ұйымдастырылған іс- әрекет /Н.Өміртай/

9. Ортаңғы топ балаларының жас ерекшеліктерін ескере отырып әлеуметтік- эмоционалды дағдыларын қалыптастыра отырып, физикалық қасиеттерін дамыту мақсатында қолданылатын көрнекі құралдар.

10.Ағымдағы мәселелер /Г.Ережелова/

11.№4 педагогикалық кеңес ішкімі /Г.Ережелова/

Тыңдалды:Күн тақырыбы бойынша «Балдәурен» ортаңғы тобының тәрбиешісі –

Болгулова Айзада сөз алды:

-Тақырып: Ортаңғы топ балаларының әлеуметтік- эмоционалды дағдыларын қалыптастыра отырып, физикалық қасиеттерін дамыту

Мақсаты:Ортаңғы топ балаларының әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қимылды ойындар арқылы қалыптастыра отырып,олардың физикалық қасиеттерін жан- жақты дамыту.

Баланың тұлға ретінде қалыптасуындағы ең маңызды кезеңдердің бірі:

-өз эмоцияларын тануды үйренеді;

-достарымен қарым-қатынас орнатады;

-бірлескен әрекет қалыптасады;

-өзін ортада ұстауды меңгереді.

Ал осы дағдыларды қалыптастырудың ең табиғи жолы -қозғалыс пен ойын.

ҮІӘ:Қоршаған әлеммен таныстыру.

Тақырыбы:Табиғат бізден көмек сұрайды

Мақсаты:Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.

Табиғатта қауіпсіз мінез- құлық ережелерін сақтау. Табиғатты қоқыстан тазарту,Бұтақты сындырмау, табиғатта үлкендерсіз от жақпау.

Ресурстар: Орман макеті,зерттеу жұмысына керекті заттар,гүл отырғызуда арналған құралдар.

Қолданылған ойындар: Пішіндерді тап;Бола ма, болмай ма?Дұрыс,дұрыс емес.

Орталықтар: 1.Жанырақ орталығы:Орманды құтқарайық.

2.Су орталығы:Зерттеу жұмысы, суды ластан тазалау.

3.Гүл орталығы:Гүлді тіріліт,гүлді жаны топыраққа отырғызу.

4.Күн орталығы: Өсімдіктерге жылу беру.

Күтілген нәтиже:Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді.

Тірі және өлі табиғат құбылыстарына қызығушылық танытады. Табиғатқа қамқорлық жасай алады.

Күн тақырыбы бойынша сөз кезегі «Балауса» ортаңғы тобының тәрбиешісі –Сапарова

Жаналысқа берілді:

- ҮІӘ:Қоршаған әлеммен таныстыру. Тақырыбы:Біздің сүйікті тәрбиешіміз